

ОККАЗИОНАЛИЗМДЕРДІҢ ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

(Ә. Кекілбаев шығармалары негізінде)

Тілдің негізгі қызметі адамдар арасындағы карым-қатынас құралы ретінде жүмсалуы, яғни бір мезетте қажетті ақпаратты алу және беру мақсатында.

Ұлттық дуниетаным – қайталанбас, курделі күбылыс. Тіл білімінің маңызды мәселелері тізбегінде тілдің танымдық қызметін айқындайтын когнитивті лингвистиканың қалыптасып дамуын ерекше айтуға болады. Тіл ғылыминың бұл саласы адамның ойлау жүйесінің табигатын, ішкі зандаулықтарын қарастырудың жана ұлгасін құрады. Тіл мен танымның байланыстырығы, яғни сол тілді колданушы мен қабылдаушы ұлттың бүкіл бітім-болмысымен, қоршаған ортасымен, менталитетімен, ойымен, санаасымен тығызы байланысты.

Тіл мен таным мәселесі – ұлт тілінің шенберінде қарастыруды қажет ететін мәселелердің бірі. Әр ұлттың ойлау дәрежесі мен ұлттың ерекшеліктері

сол ұлттың тілінде өзіндік тарихы мен мәдениетінің дамуы мен қалыптасу деңгейінде беріледі.

Зерттеуімдің нысаны болып отырған белгілі жазушы Ә.Кекілбаевтың шеберлігі, тілдік бірліктер арқылы жеткізген қоғам өмірі оның туындыларындағы танымдық сипаттағы лексикалық бірліктерін құрайды. Кез келген халықтың, ұлттың басқа ұлтқа ұқсамайтын тағдыры, әлемге деген көзқарасы болады.

Жалпы таным мен тілдің бірлігін отандық тіл білімінде қарастырған ғалымдар ретінде Ә. Қайдар, Р. Сыздық, Е. Жантепайсов, Н. Уәлиев, Ж.Манкеева, Г. Смағұлова, Р. Авакова т.б. ғалымдарды атауға болады. Аты аталған тілші ғалымдар тіл білімінің бұл бағытын этнолингвистика, елтану, лингвомәденисттану түрғысынан қарастырып жүр.

Зерттеушілердің пікірі бойынша, тіл мен таным,

коршаған органды қабылдау және сұрыптау ұстанымдары, ен алдымен, тілдің әмбебап ерекше табиғатынан, жалпы адамзат өмірінде атқарап қызметінен туындаиды. Мәселен, ғалым С. Аманжолов тіл мен танымның арақатынасына мынадай сипаттама берген: «Тіл – амал, құрал, оның арқасында адам бірімен-бірі қарым-қатынаска енеді, пікір алысады және бір-бірін түсініседі. Тіл ойлауден тікелей байланысты болғандықтан, сөзді және сөйлемдегі сөздердің бірлігінде ойлау ісінің жетістіктерін тіркең отырады. Демек адамның дүние танудағы жетістіктері сөзде, сөйлем құрылышында тіркеледі, сейтіп адам қоғамында пікір алысуға мүмкіндік жасайды» [1, 202].

Тілші ғалымдар адам тілді саналы түрде ғана колданбайды, ол шартты түрде санасында орнықкан танымдық қорды ретімен пайдалану арқылы қарым-қатынас жасайды, ойын сыртқа шығарады, пікірін айтады, тіпті жаңа затты да сойкес-тәндір-салыстыра таниды деп есептейді. Оның негізінде тілдің екі түрлі ерекшелігі жататындығын ескерген ғалымдар тілді әрі қоршаған органды тану құралы, әрі ұғымдар мен терминдерді қалыптастыру мүмкіндіктері қатарында қарастырады. Мәселен, тілші А.А. Уфимцева «.... тілдік мағыналарда бүтіндей қоғам қабылдаған, жеке тұлғалар арқылы колданыс тапқан мәдени дүниені тану, адамның өзін-өзі бағалау көріністерін кездестіруміз занды» деген корытынды жасайды [2, 76].

Тіл мен оның ішкі, сыртқы мүмкіндіктерін сараптайтын бірліктерді таза формалық көрсеткіш ретінде ғана емес, идеялық, ұлттық-мәдени, танымдық, бағалағыштық мазмұндағы элементтер деп қарастыру қажеттігі – сан ғасырлар бойы өзектелініп келе жатқан лингвистикалық мәселелердің бірі. Соған қарамастан, қазіргі тілдік зерттеулер ой, таным, тіл, ұғымдарының ажырамас бірлігіне негізделген тың теориялық тұжырымдармен, ғылыми ұстанымдармен әр кез толығып отырады. Тілдің қоршаған болмыспен қарым-қатынасын анықтау, олардың үйлесімді сабактастығын сұрыптау, бір-біріне құрал болар қабілеттерін жүйелу, ғылыми-аралық байланыстың нәтижесі деп зерделеу секілді мәселелердің баршасы адам мен оны қоршаған әлем зандылықтарынан туындаитын факторлар ретінде танығанда ғана адам санасының қызметі, қабылдау, тану ерекетінің табиғаты дүние арқылы, оның әсері негізінде қалыптастан құбылыстар деп айқындалады сөзсіз.

Мәселен, айтылған ой сөйлеушінің мүддесіне, қозқарасына, берілген эмоционалды бағасына әрі жағдайының нақтылау үлгісіне және өзге де сыртқы факторлардың әсеріне тәуелді болады, осы аталған

көрсеткіштер негізінде айтылым қабылданады және сақталады, яғни сөйлеуші мен тындаушының ішкі танымдық құрылымы мен динамикасын сипаттау және түсіндіру үрдістері тілтанымдық алғышарттарды қалыптастырады. Тілші ғалым Қ. Жұбанов адамға әсер ететін танымдық әмбебап ұстанымдарын дәйектей отырып, тілмен катар қарым-қатынастағы түрлі хабарларды жеткізу мақсатында колданылатын амал-тәсілдердің табиғатын сұрыптауга, олардың ерекшеліктері мен ұқсастықтарын айқындауға және дүниені танудың ортақ зандылықтарын дәлелдеуге мүмкіндік береді дейді [3, 581].

Қ. Жаманбаева таным туралы былай деген: «Таным мен тілдің ара қатысы, сайып келгенде, адам проблемасының өзегі – дара тұлға тұжырымдамасымен шешіледі. Оның себебі мынада: таным сыртқы дүние заттарына бағытталған тәрізді көрінгенімен оны жүзеге асырып отырған адам болмысы тұрғысынан бағдарласақ, айтылған процестің үнемі ішке қарай (адамның ішкі дүниесіне қарай) бағытталғанын көреміз. Таным процесі адамның ішкі дүниесінің күрделі құрылымдарын тудырады және соған сәйкес сипаты да өзгереді. Осылайша танымның қызметін адам баласының ішкі қажеттіліктер дәрежесі белгілейді» [4, 140].

Тіл – халықтың әр кезең, әр дәуірдегі тіршілік айнасы. Халықтың тіл байлығын еркін пайдалану керек. Өйткені сөз төркінінде халықтың кәсібі, тіршілігі, дүниетанымы жатады. Сондыктan халықта, халықпен бірге сөз де өзгеріп отырады. Ол сөздік корлар көбінде ақын-жазушыларымыздың туындыларынан өрбиді, дамиды.

Кез келген қalamгер шығарма тілінің көркемдігін арттыру мақсатында тілдің лексикалық дәнгейін өз дүниетанымына, болмысына, көзқарасына орай колданады.

Ә. Кекілбаевтың окказионалды тіркестерді жасаудағы танымы – дүниені тану мен бағалау қызметі процесінде жасалған бейнелердің сипаты. Өз шығармаларындағы тілдік колданыстарды ұтымды пайдаланған.

Жазушының шеберлігін ұлттық негізде жасаған окказионализмдерінен көрүімізге болады. Жеке қalamнан туған тілдік бірліктердің барлығы жеке адамның танымымен тығыз байланысты.

Мысалы, *Ай бойы қанша жерді араласа да, әдетте теңге жараның орыннанай оқшау боза-рып жасататын көне жүрт, не күзеуде, не көктемде ши қорамен отыратын қойшы ауылдан қалған есқи көң – ештеңе көзіне түскен емес*. Мұнда тілімізде кездесетін ұлттық танымдық тілдік бірліктер желісінде автор окказионалды тенеу жасаған. Жазушы тілдік құбылыстармен қатар тілдің сол ұлттың

тілі ретіндегі, тек соған ғана тән өзіндік табиғатын айқындаپ отыр.

Ұлттың тарихын, мәденистін, тағдырын, санасын білдіретін окказионалды сөздердің тек сол тілде ғана мағынасының нақтырақ болуы бөрімізге мәлім, сонымен қатар ұлт тілінің ары қарай өмір сүруі үшін кажет.

Ә. Кекілбаевтың жазушылық шеберлігінің бір кыры — дүниетанымдық сөздік қоры өзіне дейінгі және өз тұсіндағы көркем әдебиет туындыларынан ерекшеленіп, өзіндік жол саралануы. Өзіндік жол саралай отырып, ұлттық болмысты айшықтайтын өзіндік жаңа тіркестер колданылады. Мысалы: *Кара батырдың дуние салып, бір айғыр төбенің басына бөлек иемденіп жатып алғанына біраз болған. Дегене молда айғыр тоңтың ортасында тұрган Мәмбетолігे көз тастады. Ауыл сыртындағы айғыр жасалға қарай букишөндөй жөнелді.*

Келтірілген мысалдардағы айғыр тәбе, айғыр топ, айғыр жасал тіркестерінің анықтауыш сынары — айғыр сөзінің екі түрлі қызметі бар:

Біріншісі — көркемдік қызметі, яғни есірелуе жолымен ауыспалы мағынада қара батырдың өлгеннен кейінгі жатқан төбесінің айбарын, өзі ортасында тұрган тобының мықтылығы арқылы басты кейіпкердің образын, жал басында отырғандарды бүкіншідеп беделін көрсету.

Екіншісі — жазушы суреттеп отырған тарихи кезеңдегі халықтың түсінігінде ғана емес, сол халықтың бүгінгі ұрпағына да айғыр сөзінің қасиетті ұғымды білдіруі, даралану құбылысын қабылдатуы.

Жазушының бұл тіркесіне теренірек үнілсек, өзіндік тұракты тіркес қалыптастырғанына көз жеткіземіз.

Тілдік тұрғыдан сөздер мен сөз тіркестерінің, сөздік колданыстарының мағыналарын, колданылу ерекшеліктерін ашу — тілдің даму тарихын, кезеңдік қалпын, стильтік ерекшеліктерінің даму үрдісін анықтауға мүмкіндік береді. Тілдердің үздіксіз дамуы кейбір сөздердің тозып, көнеруіне, қайсыбір сөздердің дүниеге келіп, жаңа ұғымдармен тілдің сөздік қорын байытуға есеп етеді. Бұл туралы Р. Сызық былай деп жазады: «Сөз мағынасының зволяциясы тек дамудан, яғни жақсара түсу сипатында ілгері жылжудан тұрмайды. Сонымен қатар сөз мағынасының күнгірттенуі не мүлде ұмытылуы, ауысуы, кенеюі, тарылуы танытады» [5, 165]. Осы сияқты Ә. Кекілбаев шығармаларының тілін зерттеп, тану арқылы анықталатын тілдік деректер мен колданыстар жазушыға ғана тән тілдік колданыстардың колданылу ерекшеліктерін анықтауға септігін тигізбек.

Біз Ә. Кекілбаев шығармаларының тілдік кол-

данысы мен тілдік, стильтік ерекшеліктерін, ондағы дүниетанымдық лексиканың колданысына тоқтапмен қоса сол колданыстардың жазушы шығармаларының көркемдік мәнін ашудағы тұстарын да талдауды, оның өзіндік ерекшеліктерін нақты мысалдар арқылы дәлелдеуге ұмтылдық. Яғни, тіл мен әдебиеттің бірлігі тұрғысынан дүниетанымдық лексика колданысының шығарманың көркемдік мәнін ашудағы қызметтің алып көрсетуге ұмтылдық. Сол арқылы Ә. Кекілбаев шығармасының тілдік колданысы, ондағы өзіндік ерекшеліктер ғана емес, жалпы ана тілін колданушы ретіндегі Ә. Кекілбаев тұлғасы айқындала түспек. Бұл қазіргі орыс тіл білімінде зерттеліп, айтылып жүрген тілдік тұлға ұғымымен тікелей байланысты. Бұл әрі кен мағынасында жалпы тілдің тіл ретіндегі жеке тұлғалық ерекшелігін, тіл ретіндегі мүмкіндігін анықтауға, тілдің ұлт тілі ретіндегі өзіндік сипатын нақтылау, әрі жеке тілді колданушының тілдік байлығын, тілдік колданысындағы шеберлікті дәлелдеу үшін қажетті тілдік зерттеу бағыты болып табылады.

Сондықтан тілдік тұлға тұрғысынан келгенде казақ тілінің байлығы, сөз колданысының ерекшелігі біршама жеткілікті Ә. Кекілбаев сынды жазушы шығармаларын, оның шығармаларының тілін зерттеу орынды деп білеміз.

Сондай-ақ, зерттеушілер көркемдік мән, тілдік тұлға ұғымын оның жүйелілігімен тығыз байланыста қарайды.

Әр тілдің жүйелі болуы сол тілдің тілдік тұлға, жеке тіл ретіндегі даралық қалпын, бейнесін дәлелдей алатындығын атап көрсетеді. Яғни, жүйеліліктің қажетті тілдің тіл ретінде өмір сүруі үшін бірден-бір белгісі екендігін негізге алады.

Біздінше, көркемдік мән болу үшін тілде өзіндік қалыптасқан сөзжасам жүйесі, тілдік колданыс жүйесі болуы керек екендігіне талас жок. Себебі, әр жазушы, әр көркемөнер иесі сол халықтың тілі негізінде ғана өзіндік ерекшелігін айқында, өзіндік сөз колдану ерекшелігін жасай алады. Осыған дейін талданған сөйлемдердің барлығы да осы мәселеге мысал бола алады. Басқаша айтқанда, бұл арада жүйелілік ұғымы мен сабактастық ұғымын синонимдік мәнде түсінген жөн. Кез келген тілдік тұлға тіліміздің білім аясында қалыптасатыны белгілі.

Жеке жазушы шығармаларының тілі ұлт тілінің негізгі көрінісі, соның нәтижесінде шындалған шеберліктің жемісі болып табылады. Яғни, ұлт тілін тани отырып, жеке тұлға тілінің шеберлігін түсінуге, жеке тұлға тілінің өзіндік ерекшеліктерін тани отырып, жалпы ұлт тілінің өзіндік сипатын тануға, тілдік құрылымы мен лексикалық қабатындағы, сөзжасам жүйесіндегі заңдылықтарды анықтауға мүмкіндік

береді.

Мысалы: Ине жұтқан тазыдай Ханбалаң пен
Петербордың арасында кезек қыңсылат қоңтай-
шының жүрісі анау. Сөйлемдегі ине жұтқан та-
зыдай деген тенеудің қолданысы іс-әрекет иесін бей-
нелеп, сөйлемнің көркемдік мәнін ашып тұр.

Сонымен бірге жазушы шығармаларында өзіндік сөзжасау шеберлігі арқылы жасалған қазақ тілінің ұлттық сипаттағы біріккен сөздері де жоқ емес. Мұндай сөздердің қолданысына көз жеткізу үшін мына сөйлемге мән берейік:

Оның тұңғының жсанарында қуаныш та, мұң да, ақжарылыс та, абыржусылық та емес, олардың бәрінен де терең, бәрінен де жұмбақ, бұрын ғұл жсан баласынан көрмеген бір тұңғының тосын сыр тұнып тұр. Осындағы **ақжарылыс** сөзінің жазушының контекске сәйкес қолданған өзіндік сез жасау ерекшелігі. Халықтың тілінде **ағынан жарылу, барын айту** деген ұғымдар бар екені рас. Дегенмен аталған сез қуаныш сөзінің орнына қолданылып, сөйлемге өзінше бір ажар беріп тұр.

Жеке тұлға тілінің өзіндік қырлары арқылы жапы ұлт тілі ғана емес, жеке тұлғаның ішкі әлемі жанжақты ашыла түседі. Осы тұрғыдан, *тілдік тұлға* ұғымы жеке адамның ішкі әлемі, оның тіл арқылы берілген нұсқасы болып табылады. Демек, Ә. Кекілбаев шығармалары тек ұлт тарихы, ұлт танымы ғана емес оның жеке жазушы ретіндегі тұлғалық бейнесі де айқындала түседі. Осы арада ойнымыз дәлелді болу үшін арасында мысалдар келтіре кетейік. Мысалы: *Мұндай сұраптылдың тузында* тек аллалылар мен еті пысықтар, **кокіректерінде қыжыл барлар** мен **талақтарының биті барлар** гана аман қалады. Сөйлемдегі **кокіректерінде қыжыл барлар, талақтарының биті барлар** тіркестерінің қазақ тіліндегі қолданысы бұрын-соңды Ә.Кекілбаевқа дейін қолданылмаған болуы мүмкін. Себебі, кез келген қазақ тілін қолданушының немесе қазақ жазушысының тілінен мұндай тіркесті жиі кездестірмейсіз. Тіпті, жоқ деп айтуга да болады. Осы сөздерді өзара үйлесіммен тіркестіре отырып, жазушы әдемі сез қолданыстарын жасап, жаңа тіркестер қалыптастырған. Нәтижесінде, алдымен сөйлемдегі ойды көркемдетіп жеткізіп тұр. Оның көркем болуына себеп — аталған сез тіркестері алдымен тіркес түрінде жасалғандығы екендігін айтып өттік. Екіншіден, ғұл тіркестер ауыспалы мағынасында белгілі бір мағынаны білдіріп, тілдің ойнақы түрде мазмұнды беруге қызмет етуіне ұйтқы болып, көркем шығарма

тілінің талабына сай, көркемдік деңгейді сақтай отырып қолданылып тұр.

Тілді дүниетанымдық тұрғыдан тану мақсатында жүргізлетін зерттеулердің нысаны — ұлт тілі екендігі белгілі. Сол себепті, тілдің көрініс табатын түрлі формалары әр дәуірдегі әдеби шығармаларын, ондағы тілдік қолданыстарды, шығармалар тіліндегі ұлттың ерекшелігін беретін тілдің қызметін айқындаудың маңызы зор. Қазіргі көркем шығармалардың ішінде, әсіресе, тарихи тақырыпта жазылған шығармалар тіліндегі ұлттың байырғы табиғатын, болмысын беретін тілдік қолданыстар мен ерекшеліктер молынан кездеседі.

Тіл ұлттың болмысын, дүниетанымын билдіретін негізгі белгісі екендігі айтылып өтті. Тіл болмаған жерде ұлттың ұлт ретіндегі табиғатын елеестету мүмкін емес. Оны тілсіз дәл бере де алмаған болар едік. Ұлт тілісіз ұлттың рухани мәденистінің тарихын құрайтын рухани құндылықтарды, түрлі тарихи, көркем шығармаларды өмірге келтіре алмаймыз, сонымен қоса ұрпағымызға ұлттық үрдістегі білім мен тәрбиені де бере алмаймыз. Демек, ұлттың айнасы – тіл десек, сол ұлт тілі көркем әдеби шығармаларда көрініс тауып, сол көркем шығармалар арқылы ұлттың табиғатын беруге ұмтылады. Ә. Кекілбаев шығармаларын осындағы құнды дүниелердің қатарына жатқызуға болады.

Аталмыш автордың туындыларындағы кездесетін окказионализмдер танымдық тұрғыдан зерттеуді әлі де болса қажет етеді.

ӘДЕБИЕТ

1. Аманжолов С. Қазақ тілі теориясының негіздері. Алматы: Фылым, 2002. 368 б.
2. Уфимцева А.А. Лексическая номинация // Языковые номинации. М.: Наука. 1977. С. 5-85.
3. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы: Фылым, 1991. 581 б.
4. Жаманбаева Қ. Тіл қолданысының когнитивті негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. Алматы: Фылым, 1998. 140 б.
5. Сыздық Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. Алматы: Арыс, 2004. 614 б.